

# КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

Мекеме атауы: «Қарасаз» бөбекжай-бақшасы

Есепті кезең: 2024–2025 оқу жылы

Есепті құрастырған: Комплаенс қызметінің жауапты тұлғасы Сембиева М.

Күні: «30» маусым 2025 ж.

## 1. Есептің мақсаты

Бұл есептің мақсаты – 2024 – 2025 оқу жылындағы комплаенс қызметінің жұмыстарына талдау жасап, этикалық нормалар мен ішкі бақылау стандарттарының орындалу деңгейін бағалау, анықталған кемшіліктерді түзету бойынша шаралар ұсыну және келесі кезеңге бағыт беру.

## 2. Жүргізілген негізгі жұмыстар

2024–2025 оқу жылы барысында төмендегі іс-шаралар атқарылды:

- Ішкі нормативтік құжаттарды талдау және жаңарту;
- Персоналға этикалық нормалар бойынша нұсқама өткізу;
- Балалардың өмір қауіпсіздігі мен құқықтарының сақталуын бақылау;
- Санитарлық-гигиеналық нормалар мен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу;
- Екі кезеңдік ішкі бақылау (аудит) ұйымдастырылып, қорытындылар шығарылды;
- Қызметкерлер арасында сауалнама жүргізілді (этика, қауіпсіздік, жауапкершілік тақырыптары бойынша);
- Анықталған кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

## 3. Ішкі бақылау және тексерулер нәтижелері

Бірінші кезең:

- Балалардың ойын алаңын пайдалану қауіпсіздігі толық сақталмаған (жөндеу қажеттілігі анықталды);
- Қауіпсіздік техникасы бойынша кей қызметкерге қосымша нұсқама берілді.

Екінші кезең (қайта тексеру):

- Жоғарыда аталған кемшіліктер жойылғаны анықталды;
- Асхана мен санитарлық бөлмелер тазалығы үнемі бақылауға алынған;
- Этикалық кодекске сәйкес барлық қызметкерлер қол қойып, танықаны актімен расталды.